



## БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 21 сәуір

Павлодар қаласы

## ПРИКАЗ

№ 1-03/164

город Павлодар

### «2025 жылға арналған орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған маусымдық екі апталық перспективалық мәзірді бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» №320 қаулысы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитарлық қағидаларын бекіту туралы» ҚР ДСМ-16 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы «Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы «Тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормаларын бекіту туралы» №503 бұйрығы, Павлодар облысы білім беру басқармасының 2025 жылғы 17 сәуірдегі «2025 жылға арналған орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған маусымдық екі апталық перспективалық мәзірді бекіту туралы» бұйрыққа өзгерістер енгізу туралы № 2-02/276 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 1-03/08 бұйрығына «2025 жылға арналған орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған маусымдық екі апталық перспективалық мәзірді бекіту туралы» келесі өзгерістер енгізілсін:




Павлодар қаласының орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған 2025 жылға арналған перспективалық мәзір енгізілген өзгерістерді ескере отырып осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, тамақтану құны келесідей белгіленсін: 1–4 сыныптар үшін – 586 теңге (ҚҚС-сыз), 11–14 жас аралығы – 683 теңге (ҚҚС-сыз), 15–18 жас аралығы – 757 теңге (ҚҚС-сыз).

3. Мектеп директорлары мен мектеп асханасына жауапты қызметкерлерге мәзірге енгізілген өзгерістер туралы ақпаратты ата-аналар мен заңды өкілдерге жеткізу тапсырылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі басшысының орынбасары Г. Медиеваға жүктелсін.

Бөлім басшысының міндетін атқарушы  Ж. Асанова

Таныстым   



приказ № 1-03/164  
от 21 апреля 2025 года

**О внесении изменений в приказ  
«Об утверждении перспективного  
сезонного двухнедельного меню для  
обучающихся организаций среднего  
образования на 2025 год»**

На основании постановления Правительства Республики Казахстан № 320 от 12 марта 2012 года «Об утверждении размеров, источников, видов и Правил предоставления социальной помощи гражданам, которым оказывается социальная помощь», приказа Министра здравоохранения Республики Казахстан № ҚР ДСМ-16 от 17 февраля 2022 года «Об утверждении Санитарных правил «Санитарно-эпидемиологические требования к объектам общественного питания», приказа Министра здравоохранения Республики Казахстан № ҚР ДСМ-302/2020 от 21 декабря 2020 года «Об утверждении стандартов питания в организациях здравоохранения и образования», приказ Министра национальной экономики Республики Казахстан № 503 от 9 декабря 2016 года «Об утверждении научно обоснованных физиологических норм потребления продуктов питания», в соответствии с приказом управления образования Павлодарской области № 2-02/276 от 17 апреля 2025 года «О внесении изменений в приказ «Об утверждении перспективного сезонного двухнедельного меню для обучающихся организаций среднего образования на 2025 год» **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Внести в приказ № 1-03/08 от 6 января 2025 года «Об утверждении перспективного сезонного двухнедельного меню для обучающихся организаций среднего образования на 2025 год» следующие изменения:

утвердить перспективное меню для обучающихся организаций среднего образования города Павлодара на 2025 год с учетом внесенных изменений, согласно приложению к настоящему приказу.

2. Установить стоимость питания с учетом возрастных особенностей для детей 1-4 классов – 586 тенге (без НДС), 11-14 лет – 683 тенге (без НДС), 15-18 лет – 757 тенге (без НДС).

3. Руководителям школ, ответственным сотрудникам школ по вопросу школьного питания довести до сведения родителей и законных представителей информацию о внесении изменений в меню.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя руководителя отдела образования Г. Медиеву.

И.о. руководителя отдела



Ж. Асаинова

Ознакомлен(а)



Медиева Г. М.